

**"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 78 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 ақпандағы № 39 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 ақпанда № 6735 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 337 қаулысы.

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 15.12.2023 № 337 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 - бабының 2) тармақшасына, 139 – бабының 9 - тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31 - бабының 2 - тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 – бабына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Бородулиха ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 78 қаулысына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-8-154 тіркелген, "Пульс района" аудандық газетінде 2018 жылғы 25 мамырдағы жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шығыс Қазақстан облысы әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Бородулиха ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғанынан кейін осы қаулының Бородулиха ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К. Қ. Бичуиновқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бородулиха ауданының әкімі*

*О. Булавкина*

Келісілді:

Бородулиха аудандық мәслихат  
хатшысы

У. Майжанов \_\_\_\_\_

2020 жылғы \_\_\_\_\_

Сессия төрағасы

А. Кудушев \_\_\_\_\_

2020 жылғы \_\_\_\_\_

Әкімдігінің қаулысына қосымша

2020 жылғы 17 ақпаны № 39

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандардың лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандарының лауазымдары:

аудандық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы және басшысының орынбасары, бөлімшенің меңгерушісі, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, қарттар мен мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент, медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) әдіскері.

2. Білім беру саласындағы мамандарының лауазымдары:

аудандық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары, кітапхана меңгерушісі, әдістемелік кабинет меңгерушісі, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта білім беру ұйымдарының барлық мамандықтарының мұғалімдері, соның ішінде бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы-оқытушы, педагог-психолог,

қосымша білім беру педагогы, вожатый, тәрбиеші, әдіскер (негізгі қызметтер), дене шынықтыру (негізгі қызметтер) жөніндегі нұсқаушы, музыкалық (негізгі қызметтер) жетекші, өндірістік оқыту шебері, нұсқаушы, психолог, кітапханашы, медбике, диеталық бике.

3. Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары:

аудандық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары, клуб меңгерушісі, кітапханашы, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызмет), барлық атаудағы (негізгі қызмет) әдіскер, музыкалық жетекші, хореограф, режиссер, көркемдік жетекші, дыбыс режиссері, аккомпониатор, тілдер мұғалімі.

4. Спорт саласындағы мамандарының лауазымдары:

аудандық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары, дәрігер, әдіскер, жаттықтырушы-оқытушы.

5. Ветеринария саласындағы мамандарының лауазымдары:

ветеринарлық дәрігер.